

# ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ – ӘР АЗАМАТТЫҢ ПАРЫЗЫ

**ТАБИҒАТ – ТІРШІЛІКТІҢ БАСТАУЫ, АДАМЗАТТЫҢ ӨМІР СҮРУ ОРТАСЫ. СОНДЫҚТАН ОНЫ ҚОРҒАУ, АЯЛАУ – ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ. ТАБИҒАТҚА ЖАНАШЫРЛЫҚПЕН ҚАРАП, ТАЗАЛЫҒЫН САҚТАП, ҮЙ-ЛЕСІМДІЛІКТІ БҰЗБАУ – БҮГІНГІ КҮННІҢ БАСТЫ ТАЛАБЫ. АДАМ МЕН ТАБИҒАТ АРАСЫНДАҒЫ ОСЫНДАЙ ҮЙЛЕСІМ САҚТАЛҒАН ЖАҒДАЙДА ҒАНА ЖЕР-АНА АДАМЗАТ ҮШІН МӘҢГІЛІК ҚҰТТЫ МЕКЕН БОЛЫП ҚАЛА БЕРЕДІ.**

Қазіргі таңда табиғатты қорғау бағытында елімізде жүйелі жұмыстар жасалып жатыр. Соның ішінде ең маңыздысы – заңнамалық негізді күшейту. Қазақстан Республикасында табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мен қорғауға бағытталған бірқатар заңдар қабылданды. Бұл бағыттағы жұмыстарды Парламент мәжілісі мен Үкімет тұрақты бақылауда ұстап келеді. Республикамыздың барлық өңірінде табиғатты қорғау шараларының орындалуын

қадағалайтын арнайы мекемелер жұмыс істейді. Олардың негізгі мақсаты – флора мен фаунаны сақтап, табиғи тепе-теңдікті бұзбай, қоршаған ортаны келер ұрпаққа аман жеткізу. Әсіресе ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың маңызы зор. Бұл аймақтар – экологиялық, ғылыми және мәдени тұрғыдан құнды нысандар шоғырланған ұлттық байлығымыз.

Сондықтан да өңір тұрғындары мен қонақтары табиғатқа ұқыпты қарап, ерекше қорғалатын аумақтардағы белгіленген та-

лаптарды қатаң сақтауы тиіс. Табиғатты қорғау заңдарын бұзу табиғатқа ғана емес, қоғамға да зиян келтіреді. Мұндай әрекеттер үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік қарастырылған, сондай-ақ келтірілген экологиялық залалды өтеу міндеттеледі.

Мәселен, «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңға сәйкес ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда мекендейтін жануарларға мазасыздық тудыратын әрекеттерге тыйым салынады. Оның ішінде: ұшақтар, тікұшақтар және дрондар арқылы итбалықтар, тұяқты жабайы жануарлар мен топтасып ұшатын құстарға кедергі келтіру – заңбұзушылық болып саналады.

Табиғат – бізге аманат. Оны қорғау – мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Әрбір адам табиғатқа жанашырлықпен қарап, оның байлығын көздің қарашығындай сақтауға үлес қосқанда ғана болашақ ұрпаққа таза әрі көркем орта қалдыра аламыз.


**Нұрғиса ҚҮЛЖАНОВА,**  
«Қызылсай» мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» КММ-ның аға ғылыми қызметкері.

# «ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ BIM ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ

**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА BIM КӨБІНЕ МЫНА САЛАЛАРДА ҚОЛДАНЫЛАДЫ: МҰНАЙ-ГАЗ ӨНЕРКӘСІПТІК ОБЪЕКТІЛЕРІ, ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ, ӨНДІРІСТІК ҒИМАРАТТАР, ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖОБАЛАРЫ ҚАЗАҚСТАНДА ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫН ЦИФРЛАНДЫРУ МАҚСАТЫНДА BIM ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЕНГІЗУ МЕМЛЕКЕТТІК ДЕҢГЕЙДЕ ҚОЛДАУ ТАБУДА. СОНЫҢ НӘТИЖЕСİNДЕ, ЕЛІМІЗДІҢ КӨПТЕГЕН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА BIM ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ АШЫЛЫП, СТУДЕНТТЕРДІ ОСЫ БАҒЫТТА ДАЯРЛАУ БЕЛСЕНДІ ЖҮРГІЗІЛУДЕ.**

Солардың бірі – Маңғыстау облысы, Ақтау қаласында орналасқан Ш.Есенов атындағы университеті. Университетте құрылыстағы BIM технологиялары атты білім беру бағдарламасы құрылыс инженеринг кафедрасында іске асырылуда. Бұл бағдарлама құрылыс, сәулет және инженерия саласында заманауи цифрлық технологияларды меңгерген мамандарды даярлауға бағытталған. Бағдарлама аясында студенттер ғимараттарды жобалау, салу және пайдалану кезінде BIM жүйелерімен жұмыс істеуді үйренеді, студенттердің теориялық білім алуына ғана емес, сонымен қатар практикалық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Студенттер 3D форматта модельдеу, құрылыс нысандарының толық ақпараттық моделін жасау, жобалау және құрылыс кезеңдерін тиімді басқару сияқты заманауи әдістерді меңгереді. Бұл олардың болашақта еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман болуына үлкен ықпал етеді. Қазіргі уақытта құрылыс, сәулет және инженерия салаларында BIM технологиясын меңгерген мамандарға сұраныс айтарлықтай артып отыр. Осыған байланысты жоғары оқу орындары оқу бағдарламаларын жетілдіріп, жаңа пәндер енгізіп, заманауи бағдарламалық камтамасыз етумен жұмыс істей алатын білікті мамандарды даярлауға басымдық беруде. Бастапқыда 15 студенттен бастаған BIM тобында қазір 100 шақты студентіміз бар. Быыл бұйырса бірінші түлектерді шығарамыз. Мен осы бағдарламаның координаторы ретінде айтарым, бұл мамандықтың болашағы өте керемет болғалы тұр. Себебі құрылыс болашақта Eurocod-тармен жұмыс жасайтын болады.

Маңғыстау облысында BIM (Building Information Modeling) технологиясын қолданатын немесе соған байланысты қызмет көрсететін бірнеше құрылыс және инженеринг ұйымдары бар. Мысалға алсақ:



– BI Group – Қазақстандағы ең ірі құрылыс холдингінің бірі, құрылыс жобаларын толық цифрландыру үшін BIM технологиясын кеңінен қолданады, BIM арқылы жобалау, құрылыс және эксплуатацияның барлық кезеңін басқаруға болады.

Компания жобалары Қазақстанның көптеген өңірлерінде, соның ішінде Ақтау мен Маңғыстауда да жүзеге асады.

– Kazmintech Engineering – инженеринг және жобалау компаниясы, қызметтері: 3D сканерлеу, 3D/BIM модельдеу, өнеркәсіптік объектілерді жобалау. Мұнай-газ және өнеркәсіп жобалары үшін жиі қолданылады.

– BIM.kz – BIM технологияларын енгізу және консалтинг қызметін көрсететін компания, қызметтері: BIM енгізу, жобаларды сүйемелдеу, Autodesk сертификаттау.

– Ki-bau – қазақстандық құрылыс компаниясы, компания BIM ақпараттық модельдеу жүйесін енгізген және жобаларды осы технологиямен басқаруға тырысады.

– buildingSMART Kazakhstan – Қазақстанда BIM стандарттарын дамыту және мамандарды біріктіретін кәсіби ұйым.

Қорытындылай келе, BIM технологиясы заманауи құрылыстың ажырамас бөлігіне айналды. Ол жобалау сапасын арттырып, уақыт пен қаржылық шығындарды азайтады, құрылыс процесін тиімді ұйымдастыруға және ғимараттың толық өмірлік циклін басқаруға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда Ш.Есенов атындағы университеттегі «Құрылыстағы BIM технологиялары» бағдарламасы болашақ мамандарды даярлауда маңызды рөл атқарып, Қазақстандағы құрылыс саласының цифрлық дамуына елеулі үлес қоса алады деген сенімдемін.

**Қулаңда ШАЙХИЕВА,**  
құрылыс инженеринг кафедрасының аға оқытушысы.

# ЖАЗДЫҢ КҮНІ ТАМАША

**МЕНИҢ АТЫ-ЖӨНІМ – НАЗЖАН СӘРСЕНБАЙ. МЕН БЫЛТЫР ШІЛДЕ АЙЫНДА БУРАБАЙ КУРОРТТЫҚ АЙМАҒЫНДА ШОРТАНДЫ КӨЛІНІҢ ЖАҒАЛАУЫНДА ОРНАЛАСҚАН «БАЛДӘУРЕН» ЛАГЕРІНЕ БАРДЫМ. ЛАГЕРЬГЕ МЕНІ АТА-АНАМ ДЕМАЛУ ҮШІН ӘРІ ЖАҢА ДОСТАР ТАБУ ҮШІН ЖІБЕРГЕН БОЛАТЫН. МЕН ДЕМАЛЫС ЛАГЕРІНЕ СІҢЛІММЕН АТТАНДЫМ.**

«Балдәурен» лагерінің қызметкерлері бізді жылы жүзбен қарсы алып, қандай қызықты іс-шаралар болатынын, не көріп, немен танысатынымызды толық түсіндірді. Сонымен қатар бұл лагерьде әртүрлі қалалар мен елдерден келген балалармен танысатынымызды айтты. Біз лагерьдің барлық шарттарын мұқият түсініп алғаннан кейін, ұялы телефондарымызды табыстадық. Мұның барлығы біздің демалысымыз бен денсаулығымыз үшін қажет екені түсіндірілді. Сонымен қатар осы уақыттан бастап «Балдәурен» лагерінің ағзаға пайдалы тағамдарымен ғана тамақтанатынымызды ескертті.

Келесі күнді таңғы жаттығу жасаумен бастадық. Таңғы асымызды ішіп алғаннан кейін, бізге бүгінгі күннің жоспарын түсіндірді. Яғни отрядтарға бөлінгеннен соң,

әр отряд өздерін сахнада қызықты, өлеңдер арқылы таныстырды. Сол күні біз кешке дейін дайындалып, кешке қарай сахнада өлеңдер айтып, өнер көрсеттік.

Ал келесі күні спорт күні өтті. Бұл күні біз ролик теуіп, велосипед айдадық және әртүрлі қызықты ойындар ойнадық. Түскі асымызды ішіп алған соң, әрқайсымыз өз бөлмелерімізге тарадық та, отряд ішінде бір-бірімізбен жақынырақ таныса бастадық. Әркім өзінің немен қызығатынын, не себепті келгенін және қандай мақсат қойғанын айтып шықты. Мұның барлығы отряд деген атауға сай болып, қасымызда болатын достарымызбен жақсы танысуымыз үшін қажет болды.

Бұдан бөлек лагерьде дискофиеста, әртүрлі сайыстар және саяхаттар ұйымдастырылды. Біз тауға шығып, сол жерде суретке

түсіп, ата-аналарымызға фотоесеп жібердік. Бұл олардың біздің қайда жүргенімізді және не көріп жүргенімізді білуі үшін жасалды.

Ал дискофиестаға келсек, қызықтың барлығы дәл сол жерде болды. Себебі қыздар мен ұлдар дискофиестаға барынша әдемі болып көрінгісі келді. Қыздар әдемі көйлектерін киіп, шаштарын сәндесе, ал ұлдар өздеріне лайық киімдерін тандап, сырт келбеттерін ретке келтірді.

Дискофиеста әр отрядқа өз уақытымен берілді, себебі әр жастағы балалардың күн тәртібі әртүрлі болады және оны сақтау денсаулық үшін өте маңызды. Бірінші болып 1-3-отрядтар, одан кейін 4-6-отрядтар, ал соңынан 7-13-отрядтар, яғни үлкендер кірді. Дискофиеста аяқталған соң, әр отряд өздерінің түстен кейінгі тағамдарын және кешкі астарын ішіп, ұйқыға дайындалды.

Алайда сол уақытта ешкім бірден ұйықтап кетпей, дискофиестада кіммен билегенін, қандай қызық болғанын достарына айтып бөлісті. Осылайша біз өз әсерлерімізбен және жаңадан көрген сәттерімізбен бөлістік. Нәтижесінде, біздің лагерьдегі 15 күндік демалысымыз өте қызықты, әсерлі әрі ұмытылмас болып өтті.

**Назжан СӘРСЕНБАЙ,**  
Ақтау қалалық №18 мектептің 9 «А» сынып оқушысы.

# СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**СТУДЕНТТЕРДІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ОРТАДАҒЫ ӨЗАРА ӘЛЕУМЕТТІК ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН, СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІН ТИПТІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ КЕШЕНІ РЕТІНДЕ ҚАРАСТЫРҒАН ЖӨН.**

Өзара ынтымақтасу шарттарының бірі – нормативтік-құндылық стандарттарын немесе байланыстың ұзақтығын, тиімділігін және қайталануын қамтамасыз ететін «шеңберді» сақтау. Өзара ынтымақтастықтың «шеңбері» ғылымда өзара әрекеттестің серіктестердің типтік мінез-құлық кешені ретінде ұсынылған деп айтуға болады, оның мақсаты – өзара ықпалдасудың нормативтік-құндылық компоненттерін ұйымдастыру және қолдау.

Студент жастардың әлеуметтік ықпалдастығын қалыптастыру мақсатында Ш.Есенов атындағы университеті Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы жанынан инновациялық оқу әдістемілік «Service learning» (Қоғамға қызмет) орталығы құрылып, қазіргі таңда студент жастардың алдымен өзара, содан кейін басқа ұжымдармен ықпалдастық орнату жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Орталықтың негізгі мақсаты – қоғамға қызмет пәні арқылы Маңғыстау облысының нақты әлеуметтік мәселелерін шешу бойынша студенттердің белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру. Орталықтың ашылуы осы жұмыстың ерекше өзектілігі мен қажеттілігімен байланысты болды және жастардың ерікті қызметін үйлестіру, әдістемелік қолдау жүйесін құруға, қала мен аймақтың әлеуметтік қажеттіліктерінің картасын қалыптастыруға мүмкіндік берді. Орталық жұмысы және әлеуметтік қызметі – жас буынның кәсіби білім алуымен қатар, өзін-өзі дамытуына, жетілдіруіне, қоғамдағы белсенді әлеуметтік бейімделу қабілеттілігін арттыруға, қазіргі замандағы қажеттіліктер мен құндылықтар жүйесіне, әлемдік және отандық мәдениеттің дәстүрлеріне бағытталған тұлғаның үйлесімді дамуы және қалыптасуы үшін жағдай жасауға бағытталған қызмет.

Қазіргі таңда қоғамға қызмет пәні негізінде университет студенттері арасында басқа да мекемелермен жобалар әзірленіп, облыс бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Қоғамға қызмет пәнінің негізгі мақсаты – студенттердің аудиторияда алған білімдері арқылы қоғамның нақты мәселелерін шешуге ұсыныс қосып, белсенді өмірлік ұстаным мен әлеуметтік ынтымақтастығын қалыптастыруға және жобалық іс-әрекет дағдыларын меңгеруге, тиімді коммуникацияның негіздерін түсінуге, сонымен қатар сыни ойлауға бағытталды. Студенттік жобалардың негізгі бағыттары: әлеуметтік, экологиялық, спорттық-медициналық, цифрлық еріктілік, азаматтық қорғаныс, этно-мәдени. Студенттер арасында жалғызбасты қарт адамдарға, мүгедектерге, балалар үйінің, интернаттардың тәрбиеленушілеріне және мүмкіндігі шектеулі балаларға, аналар үйі, балалар ауылы, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, сабилер үйі, қарттар үйі, облыстық мүгедектер спорт клубы және т. б. мекемелерде қолдау көрсететін жобалар ерекше өзектілікке ие.

**Лариса ТОҚБАЕВА,**  
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университетінің Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының оқытушысы.

# ХАБАРЛАНДЫРУ

**«N Logistics» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 2026 жылы 22 мамыр күні, сағат 15:00-де Маңғыстау облысы, Өмірзақ ауылы, №27 мек-теп ғимараты мекен жайы да «Теңіз порты ауданындағы теңіз операцияларын қолдау базасы» нысаны бойынша ықтимал әсер-лер туралы есепті талқылау мақсатында ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.**

**Нысанның орналасқан жері:** Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы. Жобалық құжаттамалар пакетімен <https://ndbecology.gov.kz/> порталындағы Жарияланған қоғамдық тыңдаулар бөлімінде, сондай-ақ Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының ресми интернет-ресурсында танысуға болады: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=rui> (<https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=ru>)

**Аталған жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстарды келесі мекенжайға жолдауға болады:** Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы (ҚР, Маңғыстау облысы, 130000, Ақтау қаласы, 14-шағынаудан, 1-ғимарат), электронды пошта: [s.bazarbay@mangystau.gov.kz](mailto:s.bazarbay@mangystau.gov.kz), [mailto: s.bazarbay@mangystau.gov.kz](mailto:s.bazarbay@mangystau.gov.kz), [mangystautabigat@gmail.com](mailto:mangystautabigat@gmail.com), [mailto: mangystautabigat@gmail.com](mailto:mangystautabigat@gmail.com)

**Қосымша ретінде қоғамдық тыңдауға Zoom платформасы арқылы онлайн қосылуға сілтеме:** <https://us05web.zoom.us/j/86057793866?pwd=UAEasxbVScqc9B6mugF1xskKfubQUb.1>

**Конференция идентификаторы:** 860 5779 3866 **Кіру коды:** Y7gKkA **Жобаның бастамашысы және тапсырыс беруші:** «N Logistics» ЖШС, БСН: 220740042213. Байланыс телефоны: +7 700 766 6030 **Жобаны өзірлеуші:** ЖК Арустамова Е.Р. **Мекенжайы:** Ақтау қаласы, 14-22-50 Телефон: +7 701 367 80 71 **Электронды пошта:** [a.ekaterina14@mail.ru](mailto:a.ekaterina14@mail.ru), <mailto:a.ekaterina14@mail.ru>

**Қосымша ақпаратты келесі байланыс арқылы алуға болады:** [a.ekaterina14@mail.ru](mailto:a.ekaterina14@mail.ru), <mailto:a.ekaterina14@mail.ru>, +7 (701) 367 80 71 **Жер учаскесінің географиялық координаттары:** 43.605943, 51.226423 **Әсер ету аумағының географиялық координаттары:** 43.600025, 51.240020

«Ақтау машина жасау зауыты» ЖШС бұрыңғы бас директоры

## ТЫНШИМОВ АМАНГЕЛДІ МҰҢАЛЖЫНЫҢ

мегізсіз дүниеден өтуіне байланысты туған-туыстары мен жақындарына орны толмас ауыр қайғыға ортақтасып, көңіл айтамыз.

Өз ісінің жоғары білікті маманы, абыройлы басшы әрі парасатты азамат ретінде жадымызда мәңгі сақталады.

**«Қазақстан машина жасаушыларының одағы» ЗТБ**